

«Апта» көбінесе материалдарын теңестіріп, объективтілікті сақтауға тырысады. Бірақ көпбалалы аналардың ереуіліне қатысты тақырыпты ұлттық арна да «Хабар» арнасының сюжетіндегідей шығарды. Ашынған аналарды масылға балап, олар жайлы мейлінше ұзақ айтқанымен, сол аналардың ешбіріне сөз бермеді. Әрине, бағдарламалардың арасында объективтілікті 100 процентке қамту мүмкін емес. Бірақ екі тарапты тыңдау – журналистің міндеті.

Бақылауымыздың негізінде көрермен асыға күтетін ақпараттық- сараптамалық бағдарламалардың тізгінін – «Еуразия – 1» телеарнасындағы «Басты бағдарлама» мен «QAZAQSTAN» ұлттық арнасындағы «Мәселе» ұстап тұрғаны мәлім. Бұл екі бағдарламада да журналистердің ізденімпаздығы, креативтілігі, еркіндігі байқалады. Олар көбіне сюжет тақырыбына қатысты хайп жасап, сан түрлі агрессиялық сипаты басым әрекеттерге де барады. Бастысы – көрермендерді бейжай қалдырмай, эмоция тудырады. Айтылған дүниелерді, көрсеткен сюжеттерді жетер жеріне жеткізуге талпыныс жасап, нәтиже көрсетуді көздейді. Көрерменді жаңалық көруге шақыру ұйқыдан оятумен парпар болса, бұл бағдарламаның жүргүзшілері оларды сыбырлап, түрткілеп емес, жұлқылап, тартқылап, оятпай қоймайды.

Жалпы, отандық арналардағы журналистердің жаңалықты хабарлауына, белгілі бір оқиғаны зерттеп, саралауына, сараптап көрсетуіне байланысты, әрине, ешқандай дау айта алмаймыз. Ақпараттық-сараптамалық бағдарламалардың жанры бір болғанымен, әрқайсысының сипаты бөлек. Бірінші кезекте бұл құбылыс телеарна идеологиясына, ал екіншіден, жүргізушісі имиджіне байланысты.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Десять интервью о политической журналистике: сборник интервью/ под ред. Л.Л. Реснянской. -Москва, 2001. – 79 с.
2. Роцин С.К. Психология и журналистика. - Москва: Наука, 1989. – 192 с.
3. <https://khabar.kz/kk/zhoba-turaly-zheti-kun>
4. <https://qazaqstan.tv/projects/apta/>
5. Тертычный А.А. Жанры периодической печати. – Москва: Аспект Пресс, 2000.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ**

*Баяхметова С.Ж.,*

*мұғалім*

*«Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы ЖББМ» КММ*

*Бұқар жырау ауданы*

*Қазақстан*

Қазіргі таңда Ахмет Байтұрсынұлының қазақ баспасөзіне қосқан зор үлесін зерттеу айтарлықтай ерекше маңызға ие. Себебі, өзі өмір сүрген тұста халқына қолдау білдіріп, барынша оқуға, білімге шарқып, елінің болашағына алаңдауын баспасөз беттері арқылы танытып отырған. Ахмет Байтұрсынұлы көсемсөздерінде еліміздің елдігінің басты сипаты- мектеп, білім, оқыту мәселесі, ұстаз тұлғасы, оқулық жайлы мейлінше көбірек тоқталған. Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі ғылымына, қазақ баспасөз ғылымына салып кеткен сара жолы еш уақытта өзектілігін жоймайтын мәселе болып табылады.

1913 жылы Орынборда «Қазақ» деген газет ұйымдастырып шығарады. Сайып келгенде, бұл газет халықтың жүрегіндегі, тұрмыс –тіршілігіндегі, ой-қиял дүниесіндегі ең асыл, ең мұқтаж, ең көкейкесті мәселелерін тереннен қозғайды [1].

Қазақстанның баспасөзі мерзімді баспасөз түрінде ХІХ ғасырдың аяғында қалыптаса бастады. Аталған кезеңде ең алғаш 1870-1882 жылдары «Түркістан уалаятының газеті»

мен 1888-1902 жылдары «Дала уалаятының газеті» өз қызметтерін бастады. XX ғасырдың басында 1907 жылы М.Дулатов «Серке» газетін, 1911-1915 жылдары М.Сералин «Айқап» журналын, 1911-1913 жылдары Е.Бұйрин «Қазақстан» газетін, 1913-1918 жылдары А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін жарыққа шығарды. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, М.Шоқай, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы, К.Кемеңгеров, Ж.Ақпаев, М.Тынышбаев және тағы да басқа алаш қайраткерлері қазақ баспасөзінің дамуына зор үлесін қосты.

«Тұрмыс» (1905), «Еркін қазақ», «Алаш» (1916), «Бірлік туы» (1917), «Сарыарқа» (1917), «Абай» (1918), «Жас азамат» (1918), «Ақ жол» (1920), «Шолпан» (1923), «Сана» (1923), «Темір қазық» (1923), т.б. баспасөз материалдарында қазақ зиялыларының газет-журнал беттеріндегі публицистикалық қызметі қазақ халқының саяси-әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани мәселелерін көтеріп, ұлттық сана-сезімнің оянуына, елдегі демократиялық үрдістер мен хал-ахуалдың дамуына жол ашты [2].

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» дейтін мағыналы, мәнерлі анықтаманы сол кезде Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің оқырмандарына арнап жазыпты. Ахмет Байтұрсынұлы елге жеткізсем, ұқтырсам деген көкейіндегі көптеген мәселелерді осы газет арқылы жария етуге мүмкіндік алады.

Әр мемлекеттің өркендеуі ең алдымен туған топырағынан нәр алып, тамыр жайып, содан соң әлемдік өркениетке қол созу арқылы жан-жақты дами алады. Ойшылдардың дүниетанымы сол өмір сүрген кезеңнің деңгейіне байланысты десек те, уақытынан озып, өткенді саралап, келешекті болжай білген біртуарлар аз болмаған. Сондай дарынды, жан-жақты, кемел ақыл иесі, ұлтының жанашыры – Ахмет Байтұрсынұлы.

8 мың данамен апта сайын шығатын «Қазақ» газетінің бірінші редакторы өз халқының мүддесін қорғаушы, саясаткер, ақын Ахмет Байтұрсынұлы болды. Оның әдеби қызметі өлкенің өміріне тікелей қатысуымен үйлесіп отырды. Қазақ газеті өзінің мақсатын былай түсіндіреді: «Бұл газеттің мақсаты – «жұрт пайдасына көз болу; қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету; басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зақұндарды, хақимдардың бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру; Государственная дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру; ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру; қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер, су, егін-тарап, мал шаруасы жайынан кеңесу; оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет, турасында жөн көрсету; адам һәм дәрігерлері жайынан жазу» [3].

Баспасөзге қоғамдық-саяси өмірде маңызды рөл берілді. 1913-1918 жылдар аралығында Орынборда шыққан «Қазақ» газетінің ұлттық коммуникацияның, халықты түлетудің, оның рөлін сезінудің ауызшашысы болуға шақыруы тегін емес. Редакциядағы жұмысқа ұлт зиялыларының көрнекті өкілдері тартылды. Шығармашылығын халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ақын, аудармашы, тіл жанашыры, ұстаз А.Байтұрсынұлы редактор болды. Оған авторға халық арашашысы, дарынды аудармашы, ақын деген лайықты атақ әкелген шығармалары дәлел [2].

Ахмет Байтұрсынұв өзінің көсемсөздерінде оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөлді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді: тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимин жоқ», — деп қазақ мектептерінің заман талабынан тысқары қалып отырған жай-күйін күйзеле жазады [4].

Ұлт ұстазының алға қойған мақсаты-білімді, ғылыми-шығармашылықпен айналысатын саналы, зерделі, кемел адам тәрбиелеу. Осы тұрғыда алғанда Ахмет Байтұрсынұлының баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларының басым бөлігі білім төңірегінде болған. Сөзіміздің дәлелі ретінде «Қазақ» газетінің 1914 жылы, 17 май №62 санында шыққан «Мектеп керектері» мақаласынан үзінді келтіре кетсек: «Мектептің

жаны -мұғалім»... яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен көбірек білім біліп шықпақшы». «...ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім «Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт» [1] - дейді. Бұл келелі ой бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ.

Ұлы ағартушы, кемел ғалым Ахмет Байтұрсынұлы редакторлық еткен бұл газет қазақ халқының орыс еліне жем болып, «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетіп қалмауын, оқу-білім алып, өнер іздеп, тез ілгерілеп өсуін көкседі. «Қазақ» деген атына сай халқымыздың табиғи арнада өсіп жетілуін көздеді. Әлемдік өркениетке қазақ халқының өз еліне, өз жеріне өзі ие қалыпта мәдениеті өскен, шаруашылығы табиғи арнада жетілген дербес халық болып жетілуін ерекше насихаттады. Халықты бодандық қамытын тастап бостандық ел болуға шақырды. Бай, кедей деп бөлмей қазақты құшағына тұтас қысып, ұлт бақытын тұтас көздеді. Ахмет Байтұрсынұлы елге жеткізсем, ұқтырсам деген көкейіндегі көптеген мәселелерді осы газет арқылы жария етуге мүмкіндік алады. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» дейтін мағыналы, мәнерлі анықтаманы сол кезде Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің оқырмандарына арнап жазыпты.

Ахмет Байтұрсынұлы газеттің бір нөмірінде өз ойын айқын ашады: «Менің идеалым қазақ халқының материалдық жағдайын, мүмкіндігінше оның мәдениетін жоғарлату, өйткені ол оның дамуының алғашқы негізі болып табылады.

Ол «Маса» жыр жинағында қазақ этносы үшін өте маңызды мәселелерді көтерді, Крыловтың «Қырық мысал» аудармасында А.Байтұрсынұлы классикалық дастандар сюжетін қазақ өмірімен өте органикалық байланыстырады, атақты кейіпкерлерді қазақ халқының өмірімен байланыстырады. жаңа топырақ және қазақ ағартушыларының гуманистік демократиялық дәстүрлерінің жарқын мұрагері ретінде әрекет етеді [2].

Отарлаушылық саясаттың салдарынан 1906-1915 жылдардың өзінде қазақтар 20 миллион десятина шабындық жерден айырылды, ал 1917 жылдың қазанына дейін 45 миллион десятинаға жуық жерге дейін айырылды. 1869 жылдың маусымында Ресей үкіметі тұрақты жерге ие болуға тілек білдіруші қазақтарға 15 десятина жер бөлу туралы нұсқау шығарды. Сырт жағынан қарағанда, бұл өте қатыгез жол болды. Жерді өңдеуге дайын емес, меншігіне сол десятина жерді алған көшпенділер бұл шабындық жермен не істейтінін білмейді деп есептеген. «Әйтпесе сол басқармаға өте арзанға жерін сатады немесе олай еткен күннің өзінде бәрібір де сол жерден айырылады» деп ойлаған. Осы жағдайға байланысты «Қазақ» газеті былай деп жазған: «Қазақтарды 15 десятина жерді алған соң, өздерінің тұрақты жерлерінен шектеуге бағытталған ешбір заң жоқ, солай болғанымен де олар осындай іс-шара қолдану қажеттілігін талап етеді. Қарсы болған жағдайда, басқа жерге қоныс аударамыз деп қорқытады. Халықпен осылай қатынасатын тағы қандай мемлекет бар? Патша барлық халыққа бірдей әділетті болу керек емес пе? Туған жерлерінен қуатындай қазақтар оларға не істеді? Қоғам мәселелері оның барлық азаматтарына жалпы болып табылмай ма?» [5].

Ахмет Байтұрсынұлының үздіксіз еңбегінің арқасында «Қазақ» газеті қазақ халқының азаттық күресі тарихында ерекше орынға ие болды. 1915 жылы патша үкіметі әскери шығындарды жабу мақсатымен «әскери салық туралы» заң шығарғаны жөнінде газетте жазылды. Ол заң әскерге шақырылмаған қазақтар мен басқа да «шағын халықтардың» ерлеріне солдаттық борыштың орнына ақшалай салық салып, көмек көрсетуге негізделді. Міндетті түрде етпен жабдықтау көлемі де өсті. Тұрғындардың экономикалық өмірінің деңгейі төмендеді. Мұның бәрі халықтың үкіметке ашынуына әкеліп соқты.

«Қазақ» газетінің саяси бағыты реформаторлық ұлттық партияның талаптарына сай болды. Оның басты мәселесі – қазақ халқының мәдени өрлеуі, ең бастысы – ұлттық тіл мен әдебиеттің дамуы, прогресс, білім, мәдениет, ғылым мәселелерін қамтыды. Газет беттерінде мектептегі оқу-тәрбие мәселелері, саяси-экономикалық өмірдегі оқиғалар туралы материалдар жарияланып, әдебиет пен өнер мәселелері қамтылды. Газетте Әлихан

Бөкейхановтың фольклорға, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне қатысты ғылыми зерттеулері жарияланды [2].

Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық өмірі «Сарыарқа» газетінің басты тақырыптары болды. Оның беттерінде «Алаш Орда» партиясының бағдарламасы, қазақ халқына жасаған зияны туралы материалдар басылды. Патша үкіметінің отарлау саясатымен халыққа қазақтар мен орыс контайшы шаруаларының қарым-қатынасы туралы, «Ұран» газетінің беттерінде Ш.Құдайбердіұлының философиялық-тарихи еңбектері, А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатовтың публицистикасы, оның «Оян, қазақ» атты әйгілі мақаласы жарық көрді [2].

Газеттің беделінің біртіндеп өскені соншалық, 1918 жылдан бастап онымен Т.Рұсқылов, Р.Меңдешов, Ә.Ермеков тығыз қатынас жасай бастады. Олар Қазақстанның шекараларын анықтауға негізделген тарихи-статистикалық, карта-сызбалық мәліметтерді жинау мен талдауға белсенді қатынасты.

Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газеті бетінде оқу-ағарту, оқулықтар жасау, әліппе, емле, мәдениет, әдебиет т.б. мәселелерін тереңінен қозғап, кезіндегі қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірге ұйытқы болады. Ол «Оқу жайы» (1913) деген мақаласында халықты ағарту, білім тарату ісіне айрықша көңіл бөліп, сауаттылық мәселесін қозғайды. Ал 1914 жылы жазған «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласында қазақтың бастауыш мектептері қандай болу керектігі жайында үлкен мәселе көтеріп, бағдарлама, оқу-құралдарының жазу, мұғалімдер даярлау ісіне көңіл аударады. Патша чиновниктері «Қазақ» газетінің әр сөзін бақылап отырған. Газетте «Бұл заманның соғысы», «Жәрдем комитеті» деген мақалалар жариялағаны үшін Орынбордың губернаторы Сухомлинов А.Байтұрсынұлына мың жарым сом айып салады. Оны төлей алмағаны үшін абақтыға жабылған Ахметті қазақ оқырмандары қаржы жинап, босатып алады. Патша үкіметі ауыздықтай алмаған ұлттық газетті, Алаш Орда қозғалысының тілі болғандықтан, Кеңес өкіметі 1918 жылдың қазанында жауып тастайды. Мұхтар Әуезов: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат кемімейтін екпіні кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айғайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ахаңның екпіні болатын...», - деп жазды [6].

«Қазақ» газеті 1913-1918 жылдары шығып, осы аралықта басылымның 256 саны жарық көрді. Тағдырдың тәлкегінен ХХ ғасыр барысында болып, өткен қоғамдық сілкіністер мен әлеуметтік-таптық қақтығыстардың көбі, дәл сол газет шығып тұрған жылдарға сай келді. Арғысы әлем, бергісі Ресей халықтарының, олардың ішінде қазақтардың да тарихынан өшпес орын алған сол қоғамдық құбылыстар «Қазақ» газеті беттерінде бейнеленді. Бұл фактор газетті ХХ ғасыр басындағы Қазақстан тарихының аса маңызды жазба дереккөздерінің біріне айналдырды. Газеттің дереккөзіретіндегі маңызы, онда сақталынған мағлұматтардың ғылыми құндылығы, яғни шынайылық деңгейі оның шығарушылары мен негізгі авторлары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың аттарымен тығыз байланысты болды [6].

Ахмет Байтұрсынов көсемсөзін зерттегенде «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласына тоқталмай кету мүмкін емес. Бұл ғалымның әдебиеттану саласындағы алғашқы зерттеу еңбегі еді. Осы мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында басылған. Мақалада автор Абайдың қазақ халқының өмірінде алатын орнына тоқталып, шығармаларының мазмұн тереңдігі мен ақындық шеберлігі, орыс әдебиетімен байланысы туралы ойлар айтып, ақын өлеңдерінің эстетикалық, тәлім-тәрбиелік маңызы ашылған.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына ойдың шеберлігі керек: мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне,

Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі болған», - деп жоғары бағалайды [4].

Ахмет Байтұрсыновтың өзі Абай өлеңдерін түсініп, сүйіп оқыған. Сондықтан да Абай мұрасының өзгеге ұқсамайтын ерекше қасиеттерін дәл көрсеткен. «Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы, әр нәрсенің бергі жағынан алмай, арғы асылына қарап сөйлейтіндігінде. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі кем болмаса да білімі кем болғаны даусыз», - деген Ақаң сөздерінде әр нәрсенің кілті терең білімде деген ой жатыр [4].

Ақаңның аты аталған жерде «Қазақ» газеті қоса аталады. Ахмет Байтұрсыновтың тыныс тіршілігіндей болып, қазағына әсерлі, зерделі ой салған «Қазақ» газеті халқына үлкен қызмет жасады.

«Қазақ» газеті - Ақаң көсем сөзінің айнасы іспеттес. «Қазақ» газеті Ахаң көтерген идеяны публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай туғызды. Сол бір аласапыран тұста әрбі мәселеге, қазақ халқының тағдырына қатысты оқиғаларға өз көзқарасын білдіріп отырды [7].

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы Еуропаның Париж, Стамбул, Прага қалаларында аталып өтті. Бұл ұлы тұлғаның сіңірген еңбегінің кең көлемінің белгісі болып табылады. Тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бастап Қазақстан Республикасындағы баспасөз саласы жылдам қарқынмен дами бастады. Бірталай тәуелсіз баспасөз құралдары, газет-журналдар, телеарналар мен радио таратушы орталықтар құрылып, бұқаралық ақпарат тарату нарығы бәсекеге қабілетті ортада орныға бастады [2].

Қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең мақалаларын қалдырды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ішіндегі сайлау, билік, қағида – ереже турасында да өз ойларын баспасөз беттерінде ашық айтып отырғанын білеміз. «Тағы да народный сот туралы» (1911) мақаласында көкейкесті мәселелерді түп-тамырынан қозғайды. Сайлау барысында «ерегіс», «таластың» салдары жайында салиқалы түйін жасайды, бұл мәселелерді өткір тілмен түйрейді. «талас болған соң таласқан ит бірін-бірі аяй ма? Сол сықылды жеңген ит жеңілген итті қандай талайды деп қынжылады. Түптеп келгенде, балалардың асық ұтысқан ойыны сықылды»деп өкініш білдіреді [1].

«Қазақ» газеті Алаш орданың үні болды. Қазақ халқының мешеуліктен шығып, ынтымақты, берекелі, бақытты ел болуын көздеді. «Қазақ» газеті мен оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы әдеби қазақ тілінің қалыптасуы мен оны парсы, араб, шағатай тілімен араласу барысында өзгеріске ұшырауынан сақтау үшін зор еңбек сіңірді. Өзінің адамгершілік борышын орындай отыра, озат ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы осы жолда білім мен еркін ойлаудың тұқымын шашты [8].

Ақаң - қазақ көсемсөзінің атасы. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді. Ақаң ел есінде өзінің өнеге болар өмірімен, шығармаларымен қалды. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Ахмет Байтұрсынұлындай ұлы тұлғаларымыз халқымыз барда мәңгі жасайды, тарих көшінде ұмытылып қалмақ емес.

#### **Пайдаланылған әдбиеттер:**

1. «Егемен Қазақстан» газеті. 30 қыркүйек 2022жыл №187
2. <https://bilimdinews.kz/?p=209136>
3. Рашит Каренов «Қазақ» баспасөзінің тарихында «Қазақ» газетінің атқарған қызметі» «Әдеби танымдық журнал» 2006 жыл

4. Байтұрсынов А. Ақжол. — Алматы: Жалын, 1991
5. Бейсенбай Кенжебаев «XX ғ. Басындағы әдебиет» Алматы «Білім» 1993 жыл
6. С.Қирабаев, Қ.Мырзағалиев «Қазақ әдебиеті» оқулығы 10-сынып Алматы «Мектеп» баспасы 2006 жыл
7. <https://articlekz.com/kk/article/16382>
8. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991.

## А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ

*Дуйсенбаева Ф.А,  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, магистр  
Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназия  
Тараз қ., Қазақстан*

Эпистолярлық жанр – адресатқа хабарлама жіберуге арналған әдеби жанр. Грек тілінен аударғанда "эпистола" хат немесе хабар деген мағынаны білдіреді. Ал әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Эпистолярлық әдебиет – хат түрінде жазылған көркем шығарма», – деп берілген [1,376]. Сонымен қатар, сөздікте кең мағынасында ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың хаттарын да эпистолярлық әдебиетке жатқызады.

Шетел мәдениетінде эпистолярлық мұраны сақтау, зерттеу, шығару ісіне аса ден қойған. Әсіресе, Еуропада хатқа ерекше назар аударған халықтар -ағылшындар мен француздар. Ғалым Қ.Ергөбек:«Кезең кезеңде мәдениеті өркендеген бұл екі халық қарапайым бұқара хатынан мемлекет аралық саяси мәні бар хаттарға дейін қастерлеп сақтайтын әдет тапқан. Олар әсіресе, әдебиет пен өнер қайраткерлері жазысқан хаттарға ерекше назар аударды», – деп бағалайды [2,425]. Аталмыш елдердің эпистолярлық жанрға ұқыптылығының тағы бір дәлелі – әрбір үйдің шаңырақ қазынасын сақтауға ерекше көңіл бөлетіндігі. Әсіресе, ата-бабасының хаттарын қастерлей білген. Осы хаттардың негізінде әулеттік көркем туындылар жазылған. Мысалы, Андре Моруаның «Өмірбаян» атты әңгімесі өзінің әжесі мен атақты ақын Байронның арасындағы хаттардың негізінде жазылған.

Француздар хатты сақтауға ерекше көңіл бөлген. XIX ғасырдың ортасында қазақ жеріне қоныс аударған А.Янушкевич хаттарын француздардың ұқыпты сақтауының нәтижесінде 1861 жылы Парижде «Қазақ даласындағы сапардың күнделіктері мен хаттары» атты кітап жарық көреді. Кейін бұл хатты сақтау мәдениеті орыс ұлтына да жеткен. Эпистолярлық мұра орыс әдебиетінде ұзақ, әрі жемісті ғылыми зерттеу нысаны болды. В.А.Кухаренко, Я.Х.Нижникова хатты мәтін түрі ретінде, Н.С.Степанов, Е.Г. Виденева, А.С. Григорьева, П.В.Веселов, Е.М. Гуртуева, Т.Н. Казеко, Н.В. Овчинникова т.б. хаттың түрлерін, О.В.Никитина, Е.Б.Арутюнян, В.М.Блинохватова, Р.И.Лихтман, Ю.В.Макаркина, В.В.Паршинова, Н.Г.Попиль эпистолярлық мәтіндердің құрылымдық-композициялық, коммуникативті-композициялық және лексика-семантикалық ерекшеліктеріне талдау жасау ұсынылды. Хаттың сан алуан аспектілері де сараланды: лингвостилистикалық (Т.П.Зорина, Ж.Кецба), лингвопрагматикалық (Т.В. Ковалева), социолингвистикалық (З.М. Данкер); хаттарды қараудың кешенді тәсілдері (Е.М. Виноградова, О.Цыцарина. Ал әдеби қырынан кезең-кезеңге бөліп, кейде жеке ақын-жазушылардың мұрасына зер салған.

Орыс әдебиетінде «Әдеби жәдігерліктер» («Литературные памятники») сериясы бойында патша, князь, елшілердің, ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлерінің, ғалымдардың хаттары том-том болып жарық көрді. Оған «XVIII ғасырдағы орыс